



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АДЛЕТ МИНИСТРИЛІК  
АКМОЛА ОЕЛСЫСЫНЫҢ АДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
БУРАБАЙ АУДАНАРАЛЫҚ АДЛЕТ БАСКАРМАСЫ  
ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖУРГІЗІЛДІ  
2021 ж. «15» наурыз  
03 05 400035 72  
(бизнес-сайкестілдік номері)  
Алғашқы тіркелген күні 2003 14 12 05

Ақмола облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 5 қантардағы  
№ А – 1/1 қаулысымен  
бекітілген

**«Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім  
бөлімі Приозёрное ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің**

## 1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Приозёрное ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) тәрбиелік, білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің үйымдық-күкірткың нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес үйым болып табылады.

## 2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Зандарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік күқыктық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі болып табылады. (бұдан әрі-құрылтайшы)

5. «Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) тиісті саланың уәкілетті органы болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Приозёрное ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: 021422 индексі, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Сандықтау ауданы, Приозёрное ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 15.

## **2. Мемлекеттік мекеменің занды мәртебесі**

8. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға күкішіна ие болады.

9. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтанбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған бланкілері,

мөрлөрі болады.

10. Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа занды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

### **3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары**

11. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

13. Мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекеттік мекеме мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) құзыретті тұлғаны қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын менгеру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;

2) білім алушылардың тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген ғылымның базистік негіздерін алуын қамтамасыз ету;

3) жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4) өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген азаматтық сүйіспеншілікке, патриотизмге баулау, мемлекеттік рәміздері мен қазақ тілін құрметтеуді, халық дәстүрлерін қастерлеуді, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілілікті тәрбиелеу;

5) Белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық - саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

7) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау;

8) білім алушылардың кәсіби уәждемесін қамтамасыз ету;

9) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

10) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету.

Мемлекеттік мекеменің тұлектеріне қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

14. Мемлекеттік мекеме жанында толық, толық емес уақытта болатын тәрбиеленушілерге арналған мектепке дейінгі шағын орталығы жұмыс істейді.

15. Шағын орталық қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

16. Мектепке дейінгі шағын орталықтың міндеттері:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілер үшін дене, зияткерлік және дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау болып табылады;

3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-әрекет жасау;

5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулықты сақтау мәселелері бойынша консультациялық және әдіstemелік көмек көрсету.

17. Мектепке дейінгі шағын орталықтың қызметі Жарғыға, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің ұлгілік қағидаларына, Санитариялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

18. Мемлекеттік мекеменің білім беру қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) «білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүзеге асырылады;

2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 Бұйрығымен бекітілген 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың ұлгілік оқу жоспарларымен;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

19. Мемлекеттік мекеме білім беру процесін «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің ұлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына, «жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, тандау курстары және факультативтер бойынша ұлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына сәйкес жүзеге асырады.

20. Мемлекеттік мекеме үлгілік оку жоспарларын, оның ішінде оку процесін жүзеге асыратын қысқартылған оку жүктемесі бар оку жоспарларын дербес таңдайды.

21. Бастауыш білім берудің үлгілік оку бағдарламалары негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен игеру үшін баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оку іс-әрекетінде он уәждемесі мен іскерлігін: оқудың, жазудың, есептеудің, коммуникативтік дағдыларының, шығармашылық өзін-өзі іске асырудың, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған.

22. Негізгі орта білім берудің үлгілік оку бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін менгеруіне, оларда тұлғааралық және этносаралық қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлғаның өзін-өзі айқындауына және кәсіби бағдарлануына бағытталған.

Улгілік оку бағдарламасы білім алушылардың бейіналды даярлығын қамтиды.

23. Мемлекеттік мекемедегі оку және тәрбие процесі үлгілік оку бағдарламалары мен жұмыс оку жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Мемлекеттік мекемедегі оку процесі үлгілік оку жоспары негізінде құрылады, жылдық құнтізбелік оку жұмыс кестесімен және сабак кестесімен регламенттеледі.

25. Мемлекеттік мекеме үлгілік оку жоспарының инвариантты және вариативті компоненттерінің сағаттарын мектептен тыс (мәдениет мекемелерінде, спорт ғимараттарында, әскери объектілерде, зерттеу зертханаларында, өнеркәсіптік кәсіпорындарда, табиғатта) өткізеді.

26. Білім алушылардың оку жүктемесі, сабак режимі МЖМБС-ның, санитариялық қағидалардың, денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде әзірленген үлгілік оку жоспарлары білім беру ұйымы бекітken ережелермен айқындалады.

27. Мемлекеттік мекемедегі сабак кестесін оның басшысы не оны алмастыратын адам бекітеді.

28. Мемлекеттік мекемеде балалар мен жасөспірімдерді медициналық қамтамасыз ету «білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар «санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады.

29. Білім алушылардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оку бағдарламаларын менгеруін бақылау мақсатында мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «білім алушылардың аралық және қорытынды атtestаттаудың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізуіндің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды және қорытынды атtestаттауды жүзеге асырады.

30. Мемлекеттік мекеме ұлттық білім беру деректер базасында деректер өзектілігін және білім саласындағы құзыретті органда ақпараттар жүйелердің автоматтандырылған ақпаратпен алмасуды қамтамасыз етеді.

31. Балаларды мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі шағын орталыққа қабылдау «мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

32. Бастауыш, негізгі орта, орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мекемеден басқа мемлекеттік мекемеге ауыстыру растайтын құжаттардың негізінде мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

33. Мемлекеттік мекемедегі тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

34. Мемлекеттік мекеменің міндетті мектеп формасы оқытудың зайдарлы сипатына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қантардағы № 26 бұйрығымен белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

35. Оку процесі ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады. Оку жылы ішінде жалпы білім беру стандарттарына сәйкес каникул белгіленеді.

36. Мемлекеттік мекемеде оқыту мен тәрбиелеу мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

37. Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқушылардың білімін бақылау қалыптастыруши және жиынтық бағалаумен жүргізіледі.

38. Білім алушылардың саны мемлекеттік мекеменің жобалық сыйымдылығынан аспауы тиіс. Қашықтықтан оқыту нысаны бойынша білім алушылардың саны жалпы санға қосылмайды.

39. Сыныптардың толықтырылуы 25 оқушыдан артық емес болып белгіленеді.

Шектеу іс-шаралары орындау барысында мемлекеттік органдардың төтенше жағдайларды енгізу аясында, соның ішінде белгілі аумақта төтенше ахуал туындаған кезде, карантин енгізген кезде, сыныпта 15 білім алушыларға дейін сынып-жинақталымдарын қалыптастыра алады.

40. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны, шағын орталықтағы оку жүктемесінің ең жоғары көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен белгіленеді.

41. Мемлекеттік мекемеде алқалық басқару органдары (педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес) құрылады.

42. Балаларды мемлекеттік мекемеден он алты жас туралы шығаруға құқықта қарсы іс-әрекеттер жасағаны, білім беру үйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін үәкілетті органның шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мекемеден шығару туралы шешім қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады.

Пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарды мемлекеттік мекемеден шығару туралы шешім пробация қызметінің келісімімен қабылданады.

Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі шағын орталықтан шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) мемлекеттік мекеме мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де занды өкілі арасындағы шарттың талаптарын бұзған жағдайда;

2) тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз және әкімшілікке ескертусіз бір айдан астам уақыт аралығында келмеген жағдайда;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда тоқтатылады.

43. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер құқылы:

1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;

2) оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауға;

3) білім беру үйымдарында мүгедектерге, мүмкіндіктері шектеулі балаларға қолжетімді нысанда оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, ақпараттық ресурстармен тегін пайдалануға;

4) спорт, оқу, акт залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;

5) өз пікірін және сенімін еркін білдіруге;

6) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

7) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілер міндетті:

1) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес білім, білік, практикалық дағдылар мен құзыреттерді менгеруге, ішкі тәртіп ережелерін, білім беру үйымының жарғысын сақтауға;

2) өз денсаулығына қамқорлық жасауға, рухани және физикалық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге ұмтылуға тиіс;

3) білім беру саласындағы үәкілетті орган белгілеген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға;

4) педагог қызметкердің ар-намысы мен қадір-қасиетін, олар оқитын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге.

44. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдер құқылы:

- 1) баланың қалауын, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру үйымдарын таңдауға;
- 2) ата-аналар комитеттері, Қамқоршылық кеңесі арқылы білім беру үйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 3) білім беру үйымдарынан өз балаларының үлгеріміне, міnez-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алуға;
- 4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары бойынша консультациялық көмек алуға;
- 5) балаларының шарттық негізде қосымша қызметтер алуына.

Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер міндепті:

- 1) балалардың өмірі мен окуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың зияткерлік және дene күшінің дамуын, имандылық тұрғыдан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) білім беру үйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;
- 3) балалардың оқу орнындағы сабактарға қатысуын қамтамасыз етуге;
- 4) білім беру үйымдары қызметкерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін күрметтеуге;

- 5) білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген міндепті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға;
- 6) білім беру үйымында белгіленген киім нысанын сақтауға.

45. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндептері.

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде Педагог құқылы:

- 1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндепті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті үйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

- 2) лауазымды адамдар мен басқа да адамдар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғауды қамтиды;

- 3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан мамандыққа құрметпен қарауға;

- 4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін үйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету және қажетті жағдайлар жасауға;

- 5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыру, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуғе;

- 6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндепті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

- 7) Білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, Оқу материалдары мен оқыту мен тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

- 8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ окулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;
- 9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;
- 10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға, қатысуға;
- 11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;
- 12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;
- 13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;
- 14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын беру;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке Педагогикалық қызметті жүзеге асыруға;
- 16) Кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін мадакталуына;
- 17) «әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру;
- 18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;
- 19) ұйым басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары түрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;
- 20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де занды өкілдері тарарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар жатады.

Педагог міндетті:

- 1) өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттерді менгеруге;
- 2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогикалық қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндettі білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;
- 3) өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде кемінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруға (растаяуға);
- 4) педагогикалық әдепті сақтауға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндettі мерзімдік медициналық қарап-тексеруден өтуге;
- 6) білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де занды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 7) балаларды занға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-аналарына, үлкендеріне, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет, жоғары адамгершілік, патриотизм, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, дұзыреттерін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін дамыту және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;

9) өмірлік қыын жағдайда жүрген баланы анықтау фактілері туралы білім беру үйымының басшылығын дереу хабардар етуге;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру үйымының басшылығына Сылмистық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар, оның ішінде білім беру үйымынан тыс жерде кәсіптік қызметтіне байланысты өзіне белгілі болған әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға сатысты жасалу фактілері туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға немесе өзге де занды өкілдерге консультация беруге.

Педагог саяси үгіттеу мақсатында, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшілдігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заннамасына қайши келетін әрекеттерге итермелей үшін білім беру процесін пайдалануға құқылы емес.

Міндеттерін бұзғаны және педагог қызметкері, педагог атағына кір келтіретін теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауаптылықта әкеп соғады.

**46. Мемлекеттік мекеме «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63 бабына сәйкес қызмет көрсетуге құқылы.**

Мұліктік жалдауға (жалға алуға) беруден алынған кірістерді мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады.

**47. Мемлекеттік мекемеде оқыту үлгі нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бүйрүгімен бекітілген Орта білім беру үйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсету шартының негізінде жүзеге асырылады.**

**48. мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген оның қызметтінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.**

**49. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының зандарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайши не оның басшысының жарғылық құзыреттің бұза отырып жасаған мәмілесі: тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.**

#### **4. Мемлекеттік мекемені басқару**

50. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

51. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мүлікті мемлекеттік мекемеге бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен тоғықтырулар енгізуі жүзеге асырады;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алғынған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады.

52. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және өкілеттіктерінің мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқаратын қызметінен босатудың негіздерін белгілейді;
- 5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штат санын бекітеді;
- 6) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

53. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеменің басшысын тиісті саланың уәкілетті органы қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

54. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

55. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қагидаттарында әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз күзыретіне сәйкес дербес шешеді.

56. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекеменің жарғылық змес қызметті жүзеге асыруна бағытталған іс-әрекеттері Еңбек міндеттерін бұзу үолын табылады және тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

57. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеменің басшысы:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстанның және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері жөніндегі тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұқсаулар береді;
- 7) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындастын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады;
- 9) өзінің орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындаиды;
- 10) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 5. Мемлекеттік мекеменің мүлкін құру тәртібі

58. Мемлекеттік мекеменің мүлкінің құны, оның теңгерімінде көрсетілетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктен;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алғынған мүліктен (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

59. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітіліп берілген мұлікті және өзіне смета бойынша белгіленген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқылы емес.

60. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында мемлекеттік мекемеге кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру салаларындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) еткізуден түсетін акшаны қоспағанда, осында қызметтен алынған ақша тиісті бюджетке есептелуге жатады.

61. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру кезі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі бюджеттен қаржыландырылады.

62. Мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және тексеруді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

## **6. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі**

63. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі Еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

## **7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруды енгізу тәртібі**

64. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

65. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

## **8. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер**

66. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

## **9. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары**

67. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

68. Мемлекеттік заңды тұлға заң актілерінде көзделген басқа да негіздер

бойынша таратылады.

69. Таратылған мемлекеттік заңды тұлғаның кредиторлардың талаптарын  
жанагаттандырылғаннан кейін, қалған мүлкін Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті  
орган немесе Құрылтайшы қайта бөледі.

70. Таратылған мемлекеттік мекеменің ақшасы, осы заңды тұлғаның мүлкін  
еткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, кредиторлардың талаптары  
жанагаттандырылғаннан кейін қалған ақша тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

Басшы Атамекен Р.К.  
Т.А.Ә.

  
қолы